



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

МӘДЕНИЕТ ҚАЛИЕВ - «ҮЗДІК АУЫЛ ӘКІМІ» НОМИНАЦИЯСЫНДА ҮШІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ

СУЛЕЙМАН ГАНДАЛИЕВ - «ҮЗДІК АУЫЛ ДӘРІГЕРІ» НОМИНАЦИЯСЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



Тәуелсіздік күні қарсаңында «Ауыл аманаты» жобасына қатысушылар арасындағы үздік шаруашылыққа арналған республикалық конкурс қорытындыланды. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және тағы басқалар қатысты.

Өз сөзінде Ерлан Қошанов осы күні халықтың шамамен 40%-ы ауылдық жерлерде тұратынын, сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауында бағдарламасында ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту және әлуақатын арттыру мәселесіне ерекше назар аударғанын атап өтті. Биыл партия жобаға қатысушылар арасындағы үздік шаруашылықтар мен кооперативтерді жұртқа көрсету үшін арнайы конкурс өткізді.

Полудин ауылдық округінің әкімі

Мәдениет Қалиев «АМАНАТ» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында өткен республикалық байқауда жүлделі үшінші орынды иеленді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жұмыссыз халықты қолдау мақсатында 2023 жылы Полудин ауылдық округінде төмендетілген 2,5% мөлшерлеменен несиелеу арқылы бірқатар жобалар іске асырылған болатын. Атап айтқанда, ұсақ мал өсіруге арналған екі жеке кәсіпкерлік, ірі қара мал төлін өсіруге бағытталған бір жеке кәсіпкерлік және сауда бағыты бойынша жабдық сатып алу үшін дүкен ашуға бір жеке кәсіпкерлік құрылған екен.

Бұл өз кезегінде жұмыссыз азаматтардың оқудан өтіп, өз кәсібін ашуға мүмкіндік берген. Жұмыссыздардың да саны айтарлықтай азайғаны байқалады. Тәжірибелі әкім Мәдениет Мөкенұлының бұл бағыттағы қажырлы еңбегі еленип, республикалық деңгейде бағаланып отыр.

Қазақстанда ауыл халқының табысын арттыру бағдарламасын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысының бастамасымен «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – ауыл экономикасын дамыту, тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету арқылы олардың тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру. Бүгінгі таңда ауыл тұрғындарының айналысатын ісі тікелей мал шаруашылығымен байланысты. Осы ресурстарды дамытуға және оң нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлама зор үлесін қосып келеді.

«Ауыл аманаты» бастамасы ауылдық аудандарды дамытудың маңызды драйвері болып табылады. Жоба 2029 жылға қарай миллионға жуық ауыл тұрғындарын қамтып, 350 мың жаңа еңбек орнын ашады деп жоспарлануда.

Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғыны, жалпы тәжірибе дәрігері - Гандалиев Сулейман Керимович республикалық байқауда «Үздік ауыл дәрігері» номинациясында жеңімпаз атанды. Тәжірибелі маман Тәуелсіздік күні қарсаңында денсаулық сақтау министрінің қолынан марапат алды.

Сулейман Керимович 1996 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін «Педиатрия» мамандығы бойынша тәмамдаған. Кәсіби деңгейі жоғары, шұғыл медициналық көмек көрсетудің барлық әдістерін меңгерген және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағдарламалары бойынша жұмыс жасау дағдыларына ие. Ол тек өз ісінің шебері ғана емес, сонымен қатар жас мамандарды қолдап, оларға біліктілігін арттыруда үлгі болуда.

«Мен үшін бұл күтпеген жаңалық болды. Себебі, республика бойынша үздік шығамын деп ойламаппын. Мен өзімнің міндеттерімді бұлжылтпай орындап келемін. Бір учаскіде 1200-ден астам тұрғын бар. Солардың барлығына сапалы медициналық қызмет көрсетуге тырысамын. «Педиатрия» мамандығы бойынша оқуды аяқтағанмын. Қазіргі кезде жалпы тәжірибедегі дәрігермін. Мен күндіз де, түнде де жұмыстамын. Пациенттермен үнемі байланыста болуым керек», - дейді Сулейман Гандалиев.

Сулейман Гандалиев интернационал отбасында дүниеге келген. Оның әкешесі тың игеру жылдары қазақ жеріне қоныстандырылған екен.

«Менің әкем тың игеру жылдары Мағжан Жұмабаев ауданы Советское ауылына Әзербайжан елінен көшіп келген. Анам да депрессия жылдары Қазақстанға жер ауып келген. Екеуі осы жақта танысып,



отбасын құрды. Мен Советское ауылында өмірге келдім. Сондықтан мен үшін туған жер қымбат. Тәуелсіз елде еңбек етіп, оның дамуына үлес қосқаным ризамын», - дейді дәрігер.

Қарақоға ауылында еңбек ететін дәрігер әріптестері мен науқастар арасында үлкен беделге ие. Өзісіне талапшыл, жауапты әрі орындаушылық қабілеті жоғары. Сонымен қатар, ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, халықпен тығыз жұмыс жасайды.

Сулейман Керимович «Шапағат» медалімен марапатталған. Оның өмірлік ұстанымдары – адалдық, жауапкершілік және табандылық. Ауданымыздың мақтанышы атанған дәрігерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАҢА МЕДИЦИНА НЫСАНДАРЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Өткен аптада ауданда бірнеше жаңа медицина нысаны пайдалануға беріліп, олардың ашылуына аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысты. Бұл медицина мекемелері «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып отыр. Бұл жоба шалғай елді мекендердегі тұрғындардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы биыл аудан тұрғындарының игілігі үшін Чистовское мен Советское ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер пайдалануға беріліп, Таманское, Бәйтерек және Надежда елді мекендерінде медициналық пункттер ашылды. Тағы да айта кетерлігі, өткен жылы Возвышенка мен Қарақоға ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар іске қосылған болатын.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жаңа медицина мекемелерінің жұмысымен танысып, олардың жергілікті халық үшін маңыздылығын атап өтті.

- Надежда ауылындағы жаңа медпункт – заманауи медициналық қызметтердің орталығы болып табылады. Медпункттің ашылуы ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызметтерді қолжетімді етпек. Ол үшін мекемеде білікті дәрігер, санитарлық көлік, барлық қажетті медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер бар. Ауылдарда медицина ұйымдарын ашу - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ел Президенті оған үлкен назар аударып отыр. Үкімет те жыл сайын қомақты қаржы бөліп, қазақстандықтардың әл-ауқатын дамытуға, сапалы медициналық көмекті нығайтуға ерекше көңіл бөліп келеді, - деді Рахат Назымбекұлы.

Шынында да ауылдықтар үшін жаңа медицина нысанының ашылуы - үлкен оқиға. Ашылу салтанатына қатысқан ауыл тұрғындары ерекше қуаныштарын жасырмады.

- Біз жыл сайын мемлекет тарапынан ауылдық елді мекендердің дамуына үлкен назар аударылып келе жатқанын көріп отырмыз. Біздің



Надежда ауылында көше жарықтары орнатылып, кентішілік жолдары жөндеуде. Мектеп, Мәдениет үйі жөндеуден өтіп, сәтті-тауарлы ферма, балалар ойнау алаңы, саябақ сияқты көптеген әлеуметтік нысандар салынды. Қазір шекара бөлімшесінің құрылысы жүріп жатыр. Жұмыс бар, жалақы уақытында. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет тарапынан ауыл халқы үшін барлық дерлік жағдай жасалынып отыр. Біз қуаныштымыз. Еліміз аман болып, одан әрі

гүлдене берсін, - деп ауыл тұрғыны Ұмысқанды Нұрышева ағынан жарылды.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа медициналық мекемелер енді ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп, алғашқы көмекке қолжетімділікті толық қамтамасыз етпек.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ БАСТЫ ИГІЛІК, БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ



Қазақстан Республикасының басты мерекелерінің бірі – Тәуелсіздік күні. Осыған орай, Булаев қаласының орталық алаңында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шара болып өтті. Әнұран орындалып, шараға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, полиция қызметкерлері, шекарашылар және қала тұрғындары қатысты.

1991 жылы бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, тәуелсіз ел болу бақыты бұйырды. Осы жылдар ішінде өліміз көптеген сынақтардан сүрінбей өтіп, әлемдік аренада өз орнын тапты. Бұл – бәріміз үшін мақтанш және ұрпаққа үлгі боларлық жетістік.
- Бүгінгі бейбіт өмір, тұрақтылық пен

өркендеу – ата-бабамыздың күресі мен еңбегінің жемісі. Тәуелсіздік – ең асыл құндылығымыз, оны қорғау және дамыту – әрқайсымыздың қасиетті парызымыз.
Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіби жетістіктер мен толағай табыстар тілеймін! Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын, - деді

Азамат Сайранұлы.
Орталық алаңда орналасқан Мемлекеттік рәміздер стелласына жиналған мағжандықтар ұлттық нақышта киініп, қолдарына мемлекеттік ту ұстап, қосыла еліміздің әнұранын шырқады.
Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ҚОҢЫСТОЙ

КЕЗЕКТЕ ТҮРҒАНДАРҒА ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ



2024 жылы Мағжан Жұмабаев ауданында кезекте тұрған азаматтар үшін 12 үй салынып, пайдалануға берілді. Оның ішінде 45 пәтерлік жайлы тұрғын үй де бар. Пәтерлерді Отбасы банкінің ипотекалық несиелендіруі арқылы алуға болады. Шараны метрінің бағасы 160 000 теңгені құрайды.

Бүгін кезекте тұрған 4 отбасыға жаңа пәтерлердің кілті салтанатты түрде табысталды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов қатысып, пәтер иелеріне аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізді.
Қазіргі таңда тұрғын үй алу үшін 11 жаңа өтініш тіркелді, ал ауданда кезекте тұрғандардың саны - 460 адамды құрайды. Сондықтан халық игілігі үшін жаңа тұрғын үй салу жұмыстары азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында жүзеге асып, әлі де жалғасын ташпақ.

ӨЛКЕТАНУ



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КӨРКЕМ ҚЫРЛАРЫ»

Осы жылдың маусым айында ауданның тарихи-өлкетану мұражайы білім бөлімінің қолдауымен ауданның жас өлкетанушылары мен ұстаздары ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың туған жері Айыртау ауданына барып қайтты.

Көшпелі экскурсияға ауданның шығармашыл балалары қатысып, бүгін аудандық музейде Тәуелсіздік күні қарсаңында осы сапар қорытындысы шығарылып, оқушылардың шығармашылық еңбектеріне арналған кездесу ұйымдастырылды.
Қызықты да естен кетпес саяхатқа Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп, Таман мектеп бөбекжай кешені, Қарақоға, Медвежка, Полтавка, №2 Булаев ОМ, Булаев мектеп бөбекжай кешені, Қызыл Қазақстан орталау мектебінің оқушылары қатысты.

Ауданның тарихи-өлкетану мұражайының басты міндеттерін

Тәуелсіздік күніне орай аудандық тарихи өлкетану музейінде ауданның жас өлкетанушыларының жаздығүні киелі Айыртау ауданына жасаған «Тәуелсіздіктің көркем қырлары» сапарының қорытындысына арналған іс-шара болып өтті.

бірі - өлкетану саласын дамытып, жас ұрпақтың туған жеріне және еліне деген сүйіспеншілігін арттыру болып табылады. Бұл қызметті жүзеге асырудың негізгі құралы - оқушыларды шығармашылыққа тарту. Осы тұрғыда музей «Altyn ugra» балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығымен тығыз жұмыс жасап келеді.

Тек еркін әрі тәуелсіз елде тұратын халық қана туған жері үшін аянбай еңбек етіп, елінің жарқын болашағы үшін тер төгеді. Мәселен, ақындар әдемі өлеңдер жазса, композиторлар ұлы шығармалар дүниеге әкеледі, ал суретшілер өз картиналарын салады. «Altyn ugra» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы қосымша білім беру орталығының «Кескіндеме» үйірмесінің ұстазы Марина Лычконьтөрибеленушілері

Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешенінде, энолит дәуіріне жататын Ботай қонысында, Сырымбет, Шоқан музейінде, Айғаным қонысында болып, еліміздің тамаша табиғатын өз көзімен көріп келді.

Соның нәтижесі бойынша жас өлкетанушылар ғылыми жоба, бейнерепортаж жасап, суреттерге түсіріп, картина салған болатын. Іс-шарада оқушылар жасаған жұмыстарын таныстырып, алған әсерлерімен ой бөлісті.

Білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев пен музей директоры Серік Жұмағұлов мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да ұйымдастырылатынын сендіріп, сапарға атсалысқан барша жандарға алғыстарын жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ – БАСТЫ НАЗАРДА



заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

Ағымдағы жылы Департамент қызметкерлері 10-нан астам қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірді.

Соның ішінде, Департамент Көкшетау қаласының тұрғыны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалымен «Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу» мемлекеттік қызмет аясында ұсынылған жобаланып отырған

жер учаскесі координаттарының сәйкес келмеуіне келіспейтіні туралы шағым білдірді.

Өз кезегінде, Департамент шағымды объективті және жан-жақты қарау үшін жошпардан тыс тексеру өткізді және маңызды бар құжаттарға құқықтық талдау жүргізді. Тексеріс барысында мемлекеттік қызмет алушының ұсынылған жобаланып отырған жер учаскесінің координаттары Жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректері бойынша басқа жер учаскесімен қабаттасқаны анықталды. Нәтижесінде, Департаменттің көмегімен, жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінде сәйкестікке келтірілді.

Осылайша, қызмет алушыға жобаланып отырған жер учаскесінің координаттары салыстырып, сәйкестік актісі берілді. Қызмет алушының заңды мүддесі қалпына келтіруге жәрдем көрсетілді.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру Департаментте ерекше бақылауда. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке «EgovKzBot2.0» платформасы арқылы немесе 30-01-62 телефон арқылы хабарласа алады.

Е. ҚАРЫМСАҚОВ,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету саласын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы

ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛЫҚ КАРТАНЫ ЕНГІЗУ

Мемлекеттік қолдау шараларын белсенді тағайындау үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс режимінде «отбасының цифрлық картасы» іске қосылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде ОКЖ-да Қазақстанның 19,5 млн. азаматы немесе 6,3 млн. отбасы туралы ақпарат жинақталған.

Отбасының цифрлық картасы Smart Data Xіmet аналитикалық жүйесімен интеграцияланған, деректерді жинайтын, интеграцияланған ақпараттық жүйелер арқылы отбасылардың әлеуметтік портретін (олардың өтіншісіз) құрайтын және отбасының материалдық жағдайын, оның әлеуметтік мәртебесін, табысын, өмір сүру және әл-ауқат деңгейін айқындайтын азаматтардың күнделікті «электрондық хабарламашысы» болып табылады: әлеуметтік портретті жасауға мүмкіндік береді жалпы өңір мен ел бюджет қаражатына тиімді нәтиже өткізеді.

Бұл ақпараттық жүйе азаматтарға проактивті форматта, яғни көрсетілетін

қызметті алушының өтінішін күтпей көмек көрсетуді көздейді. Яғни, мемлекеттің өзі ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгіну қажеттілігісіз мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға ұсынады. Сонымен қатар, сыйбалас жемқорлық әрекеттерін болдырмай, тиісті мемлекеттік қызметтердің қызметін жеделдетуге және саласын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «отбасының цифрлық картасы» арқылы мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар қазақстандықтарға қандай да бір өтінішісіз жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 20-дан астам түрі тағайындалады.

Бұл атаулы әлеуметтік көмек, жүктілік және босану бойынша табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, бала күтімі бойынша табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға

(қамқоршыларға) берілетін жәрдемақы, мүгедектігі бойынша жәрдемақы, көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға берілетін жәрдемақылар, «отбасының цифрлық картасы» арқылы зейнетақы төлемдерін алу және т. б.

Атап айтқанда, мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын белгілеу кезінде әлеуетті алушыға 1414 Бірыңғай байланыс орталығынан SMS-хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған өзінің келісімі туралы жауап беруі керек. Өтініші ресімдеу және әлеуметтік жәрдемақы немесе төлем тағайындау автоматты режимде жүргізіледі, содан кейін ақша қаражаты алушының банктік шотына аударылады. Аялақтық тәуекелдерін болдырмау мақсатында 1414 Бірыңғай байланыс орталығынан келіп түскен SMS-жауап беруі керек.

Барлық сұрақтар бойынша азаматтар 1414 нөмірі бойынша Call-орталыққа жүгіне алады. Қоңырау шалу тегін. Жоба кезең кезеңімен жүзеге асырылу-



да:

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылды;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілді;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау және білім беру саласында мемлекеттік кепілдіктер енгізілді;

2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІктің НЕГІЗДЕРІНІң БІРІ РЕТІНДЕ

Мемлекет басшысы «заң және тәртіп» қағидатын ұстану қоғамдық, саяси және идеологиялық бағыттаушы болуға тиіс екенін атап өтті. «Әділ Қазақстан-бұл заң мен тәртіп орнаған ел», - деп Президент атап өткен.

Заңдарды сақтау және тәртіпті сақтау елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Мемлекеттің құқығын қорғауға, әділ бәсекелестікке және мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз етуге, қаржы ағындарын бақылауға бағытталған заңнамалық бастамалар инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін сенімділік тудырады.

Азаматтардың құқықтарын қорғау, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кәсіпкерліктің адал субъектілерін қолдау, салауатты бәсекелестік үшін қолайлы жағдайлар жасау Экономикалық төрелік-төксеу қызметінің негізгі міндеттері болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экономикалық төрелік-төксеу департаментінің алдында «көлеңкелі» экономика саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, қылмысына, ашуға және тергеуге бағытталған бірқатар басым міндеттер тұр, олардың бар болуы бизнесті дамыту үшін толық жағдай жасауға мүмкіндік бермейді.

Ағымдағы жылы көлеңкелі экономика саласында 26 қылмыстық іс тіркелді, оның басым бөлігі өндіріспен аяқталды. Көлеңкелі экономиканың ең ауыр зардаптарының бірі-салық салудан түскен кірісті жасыру. Бұл салықтардың төмендеуіне өкеледі, бұл әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға және инфрақұрылымды дамытуға кері әсерін тигізеді. 2024 жылдың 11 айында қабылданған шаралар нәтижесінде көлеңкелі экономика саласындағы қылмыстық істер бойынша мемлекетке өтелген залал шамамен 700,0 млн. теңгені құрайды.

Заңдар мен тәртіп сақталған жағдайда, мемлекет бизнес үшін болжамды және қауіпсіз орта жасайды. Өз кезегінде, бұл жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне, өмір сүру деңгейінің өсуіне және азаматтардың әл-ауқатының артуына ықпал етеді. Экономикалық қауіпсіздік өмірдің әр саласында көрінеді: қаражатты қорғаудан бастап бағаның тұрақтылығына және сапалы тауарлар мен қызметтерге қол жетімділікке дейін.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экономикалық төрелік-төксеу департаменті әлеуметтік тауарларды өткізу қиыншы сақталуына тұрақты негізде талдау жүргізеді. Ағымдағы жылдың нәтижелері бойынша білім беру мекемелерінің азық-түлік өнімдерін жоғары бағамен сатып алу фактілері анықталды.

Нәтижесінде 2024 жылдың басынан бастап өнімді сатып алу құны орташа республикалық деңгейге дейін төмендету жағына қарай қайта қаралды.

Өткен жылмен салыстырғанда картоптың сатып алу құны 48% - дан 130 теңгеге дейін, сәбіз мен пиязға 166 теңгеге дейін 38% - ға төмендетілді.

Өткізілген жұмыс Петропавл қаласында және облыстың 13 ауданында 454 орта білім беру мекебесінде бюджет шығындарын қысқартуға және 458 мектепке дейінгі мекемеде 17 мың ата-аналардың ата-ана қорынан қаражат үнемдеуге мүмкіндік берді.

Әрбір азамат көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылға үлес қоса алады.

Егер сізге өкілеттіктерді теріс пайдалану, ұрлау немесе басқа да экономикалық құқық бұзушылықтар фактілері белгілі болса, бұл туралы «АФМ Insider» телеграм ботына хабарлауыңызды сұраймыз. Анонимділікке кепілдік беріледі.

Сондай-ақ, ресми өтініш беру үшін белгіленген тәртіппен-көзекші бөлімге, eOtinis арқылы немесе АФМ 1458 call-орталығына немесе 8-715-2-46-98-18 Департаментінің сенім телефонына қоңырау шалу арқылы өтінішпен жүгінуге болады.

ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЕНГІЗІЛЕДІ



2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді (бұдан әрі – АӘҚ) лицензиялау енгізіледі.

Бұл қызмет көрсету сапасын жақсартуға жағдай жасайды және осы саладағы бұзушылықтар санын азайтуға оң ықпал етеді. Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүргізген лицензия алдындағы талдау нәтижелері бойынша АӘҚ көрсететін 1007 ұйымның 72,3% - ы талаптарға сәйкес келетіні анықталды.

Лицензиялауды енгізу арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін жаңғырту кезеңдерінің бірі болып табылады және ол: көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға; көрсетілетін қызметті алушылардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға кепілдік беруге; АӘҚ ұсынатын ұйымдар үшін бірыңғай стандарттарды белгілеуге бағытталған.

«Осы қызметтерді көрсететін ұйымдардың меншік нысанына қарамастан, АӘҚ-ның тиісті сапасын қамтамасыз ету қажеттігі көптен бері туындап келеді. Бұл орайда өткен жылы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының бірінде мүгедектігі бар балалардың тағамнан ұланып, тіпті адам шығыны орын алған қайғылы оқиғаны еске түсірсек жеткілікті. Жүргізілген кешенді тексеру нәтижелері бойынша осы ұйымда мүгедектігі бар балалардың құқықтары өрескел бұзылғаны анықталды: тұрмыстық қызметтер толық көлемде көрсетілмеген; төсек-орын, киім және аяқ киім берудің минималды нормалары сақталмаған; скринингті тексерулер жүргізілмеген; тамақтану нормалары бұзылған.

2024 жылдың 11 айында жүргізілген 167 тексеру нәтижесінде 148 субъектіге анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріліп, жалпы сомасы 1,75 млн теңгеге 15 ұйымға салынды», деді Комитет төрағасы Төлеген Оспанқұлов.

Ол АӘҚ сапасы екі негізгі факторға тікелей байланысты екенін атап өтті: қызметкерлердің кәсіби біліктілік деңгейі және қызмет көрсететін

ұйымдардың белгіленген талаптарға сәйкестігі. «Бүгінгі таңда республика бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласында қызмет ететін 12,7 мың әлеуметтік қызметкер бар. Олардың тек 12%-ының бейіндік білімі бар, қалған 88%-ында медициналық, педагогикалық, экономикалық және т. б. білім бар.

Кадрлардың сапасын арттыру үшін биыл әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын талаптарды белгілейтін кәсіптік стандарт әзірленді. Быыл 8,3 мыңнан астам әлеуметтік қызметкер бейіндік оқытудан өтіп, сертификаттар алды. 2025 жылдан бастап әлеуметтік қызметкерлердің тізімі енгізіледі, онда олардың кәсіби құзыретіне қатысты барлық деректер көрсетіледі. Сондай-ақ, келесі жылдан бастап әлеуметтік қызметкерлер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен меморандумдар жасалған мамандандырылған кафедралары бар республиканың 14 жоғары оқу орнының базасында қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өте алады.

Ал АӘҚ көрсететін ұйымдарда тиісті жағдайлар жасау мәселелерін шешу үшін 2025 жылдан бастап лицензиялау енгізілуіне», деп атап өтті Комитет төрағасы.

Лицензия алудың негізгі шарттарының бірі ретінде мыналар анықталды: АӘҚ ұсынуға жарамды және санитарлық ережелерге, өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес келетін ғимараттың болуы; көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық-техникалық базаның болуы; қызметкерлер құрамының болуы; халықтың аз қозғалатын топтары үшін ғимараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және т. б.

Осы жылдың қазан айынан бастап Комитеттің аумақтық департаменттері лицензиялау алдындағы талдау жүргізуде, оның барысында АӘҚ көрсететін 1007 ұйымның 72,3% лицензиялау шарттарына толық сәйкес келетіндігі анықталды.

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік арнаулы қызмет көрсету орталықтары белгіленген талаптарға сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл ретте YEY ұсынатын үкіметтік емес сектор ұйымдарының ішінен өрт қауіпсіздігі актілері жоқ 86 объект анықталды, 90-нің СЭС қорытындылары жоқ, 87 ұйымның ғимараттарында мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділік қарастырылмаған.

«Біз әкімдіктермен және YEY-мен лицензиялауға дайындық мәселелерін пысықтауды жалғастырамыз, лицензиялау алдындағы бақылаудан өту белгіліне қажетті консультациялар мен сүйемелдеу көрсетеміз. Ұйымдарды лицензиялау бірінші кезекте көрсетілетін АӘҚ сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, екіншіден, мүгедектігі бар адамдарды және көрсетілетін қызметті алушылардың өзге де санаттарын қоғам өміріне одан әрі ықпалдатып отырып, оларды әлеуметтік оналтудың тиімділігін қамтамасыз етеді», деп атап өтті Төлеген Оспанқұлов.

ФУТЗАЛ

ШЕКАРА БАСТЫҒЫНЫҢ КУБОГЫ САРАПҚА САЛЫНДЫ



Тәуелсіздік күні қарсаңында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті «Мағжан» шекара бөлімі бастығының кубогы үшін футзалдан турнир ұйымдастырылып, жарыс Булаев қаласындағы Баян Батыр атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өтті.

Айбынды Әнұран орындалып болған соң, «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы Абай Дабылбеков жарыс ұйымдастырушылары мен қатысушыларын Тәуелсіздік күнімен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

Содан кейін 7 команда бақ сынасып, барлық құрама командалар жеңіске ұмтылды. тартысты да қызықты өткен ойындардың нәтижесінде «Булаев» теміржол шекаралық бақылау бөлімшесінің шекарашылары жарыс жеңімпазы атанып, кубок иеленді. Ал «Қарақоға» автоөкізу бекетінің №1 және №2 командалары тиісінше 2-ші және 3-ші орындарды иеленді.

Жарыс жеңімпаздарына кубоктар, медальдар мен дипломдар табыстылып, үздік үш команда қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ футбол турнирінің қорытындысы бойынша Олжас Тойтаев «Үздік қақпашы» атанса, Әлжан Ғаділбек «Үздік ойыншы» деп танылды және Ербол Жахин «Үздік шабуылшы» атағын жеңіп алды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СПАРТАКИАДА

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

13 желтоқсан күні №2 Булаев орта мектебінде Булаев қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлері арасында салалық спартакиада баедрламасы аясында үстел теннисінен жарыс болып өтті.

Ойын қорытындылары бойынша дене шынықтыру және спорт бөлімі мен балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің бірлеске құрама командасы чемпион атанды. Аудандық аурухананың теннисшілері күміс жүлдені иеленсе, «Газета «Вести» ЖШС құрамасы қола медальды ұтып алды.

Еске салар болсақ, спартакиада аясында келесі жарыс волейбол бойынша өтетін болады.

Қанат МҮСАТАЕВ,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



ЕРКІН КҮРЕС



КҮРЕС ФЕСТИВАЛІ

10-13 желтоқсан аралығында Петропавл қаласында 2011 жылы туған және одан кіші жастағы ұлдар мен қыздар арасында еркін күрес бойынша облыстық фестиваль өткізілді.

Ұлдар жарысына Мамлют, Қызылжар, Ақжар, Аққайың, Мүсірепов, Шалақын, Тайынша аудандарының командалары және Петропавл қаласының 2 командасы қатысып, 130 жас балуан белдесті.

29 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Ертұрғын Мадияр 3-ші орынды жеңіп алды (жаттықтырушы-оқытушы Р.К. Үкенов, 52 келіге дейінгі салмақ

дәрежесінде Ткачев Ярослав 2-ші орынды иеленді (жаттықтырушы-оқытушы В.Ю. Левин).

Қыздар додасына Павлодар, Шымкент, Талдықорған, Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан облысы және Петропавл қаласының 3 команда, Мамлют, Қызылжар және Тайынша аудандарынан барлығы 110 балуан қатысты.

26 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Коногорова Василина жеңімпаз атанса, 50 келіге дейінгі салмақта Төлегенова Альфия қола медальды ұтып алды (жаттықтырушы-оқытушы В.Ю. Левин).

БОКС

БОКСТАН АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ



11-13 желтоқсан аралығында ҚР Тәуелсіздік күніне арналған Петропавл қаласында 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында бокстан «Жеңіс» ОРБЖСМ ашық біріншілігі өтті. Біріншілікте 100-ден астам жас спортшы бақ сынасты.

Мағжан Жұмабаев ауданының БЖСМ тәрбиеленушілері лайықты өнер көрсетіп, төмендегідей нәтиже көрсетті. Мәселен, 30 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Никифоров

Максим 1 орынды жеңіп алса, Царегородцев Александр 3 орынды иеленді.

33 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Просин Константин, 37 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Айдарбеков Эльдар және 40 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Нехорошкин Максим күміс жүлдегер атанды. 35 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Данияров Ислам мен 46 келіге

дейінгі салмақ дәрежесінде Бауыржан Сұлтан қола медальдарды ұтып алды.

БЖСМ барлық жаттықтырушы-оқытушыларын тәрбиеленушілерінің жеткен жеңістерімен және жүлделі орындарымен құттықтаймыз!

Владимир КУРИШКО,
БЖСМ басшысының орынбасары.

АТА ҚОҢЫС - АСЫЛ МЕКЕН

Өлкетанушылардың айтуынша, Бинаш ауылы атауының Меккеге қажылыққа барған Биназар атамның есіміне тікелей қатысы бар. Бірде жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев пен әкесі Бекен болыс екеуі қыстығын Омбы қаласына аттанды. Сарысунақ аязда аттары өбден болдырып, өздері тоңып қалған өке мен бала жол бойындағы бір ауылға аялдауды жөн көріпті. Олар елді мекеннің ең бай тұрғыны саналатын жаңға арнайы барып жылқы сұрайды, бірақ бай көрші ауылдағы Бинаш деген ейгілі адамға барулары өтінеді. Содан жолаушылар Бинаштың ақ үйіне ат басын тірейді. Қажы атамды қонақтарын жақсылап күтіп, ең жүйрік деген екі жылқысын беріп, шығарып салады. Осы жолғы сапарында Бекен болыстың жолы болып, бейнет көрмей, еліне аман-есен оралыпты. Кейін Бинашқа өз ризашылығын білдіріп, жолсерік аттарын қайтарып береді.

АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ

Жол көрсетіп жүрген аудандық «Мағжан жұлдызы» газетінің редакторы Еркебұлан Елубаев бізді Бинаштың ұрпағы Нұрлан Еламановтың үйіне алып барды. Нұрлан Еламанов – аздап өлең жазатын, газет-журнал бетін парақтамаса тұра алмайтын, аталарының өңгімесін көкейіне тоқыған жан екен. Айтуынша, 1870 жылдары Биназар Битуғанұлы бүгінгі Бинаш ауылының орнына тұрақтанған. Жергілікті тұрғындар арасында «Бинаш елу жасында ел қондырған» деген сөз жиі айтылады.

1820 жылы дүние есігін ашқан Бинаш қажы Уақ-Шоға руынан тараған. 1908 жылы 88 жасында Ыдырыс қажы Айдарбекұлы, Дәулетхан Қонайұлы (Мәт), Бейсен қажы Аралбайұлымен Мекке-Мадинаға барған (бұл мәліметті өлкетанушы Социал Жұмабаев 2004 жылы шығарған «Мөлғаждар Айдарбеков» ғұмырнаамалық зерттеуінде растайды). «Ұзақ жолдан шаршап келген қажылар Қызылжарда Жанбатыр қажы Байниязовтың үйіне түседі. Қажылардың арасындағы жасы үлкені Бинаш атамды екі-үш күн тынығып алу үшін қалада қалмақшы болады. Жасы кіші қажылар үйлерін сағынып, ауылдарына кеткен екен. Содан бірер күн Жанбатыр қажының шаңырағында болған ұлы атамды туған еліне аман-есен жеткені үшін Қызылжардағы үлкен мешіттің бірінде Жаратқанға құлшылық жасап, ұзақ дұға еткен деседі», – дейді Нұрлан Еламанов.

Бір топ азаматты үлкен қажылықтан күтіп алған Жанбатыр қажы шаңырағында күллі игі жақсылар жиналатын көрінеді, сол күндері Бинаш Ыдырыс қажының қойы баласы Сақау Баймағамбетовпен, аты алты Алашқа аян Атығай-Қарауылдың ақыны Ақан серімен де дәмдес болған. Сонда атақты ақын жасы тоқсанға таяп қалған Бинаш қажының шау тартқан қарттығына қарамастан мұсылманның бес парызының бірін орындап, ұзақ жолға шыдағанына және ел ішіндегі абсырой-беделіне ризашылығын білдіріп, үш-төрт ауыз өлең шығарған екен.

«Бинаш қажы тупты сәтімнен, Кез болдық Ыдырыс, Бейсен, Мәтменен. Қызылжардан аттанған төрт қажыға, Сәлем бердік, Пайғамбардың атыменен», – деп өрілетін өлеңді Нұрлан Еламановтың әкесі Нұрғазы ақсақал (1995 жылы 96 жасында дүние салған) соңғы

...Жол бойында қаз-қатар тізілген ақ қайыңдар аппақ қарағалымын. Бұтақтары дір-дір өтеді. Үлділе соққан ызағарлы жел ағаштардың араларынан өтіп, табиғат-анаға бығалы қыстың көңіл жібітпейтінін хабарлап тұрағандай. Табиғаттың сұлу көрінісінен көзімді ала алмай, терең ойдың жетегінде келемін. Ұлы ақынның аты берілген ауданның тоқсан жолдың торабында орналасқаны қызықтырмай қоймайды. «Темір тулпарымыздың» тақтайдай тегіс жолмен жүйткі жүріп, Бинашқа қалай жеткенін де аңғармай қалыппын...



демі қалғанша аузынан тастамай айтып жүрген.

ТАСЫН ТҮРТСЕҢ – ТАРИХ

Ежелден мал, егін шаруашылығын атакөсіп еткен халқымыз езен-көлдердің, ну орманның бойына тұрақтағанды жөн көрген. Ауылдың қазіргі тұрғындары – Қантай, Қабыл, Көшен, Бағаналы, Бинаш қыстаулары мекендеген аталардың ұрпақтары. Бүгінде тартылып қалған, бір кездері тіршілік көзі болған Сарыбие көлінің орнына Бинаштың ақсақалдары өткенге көз тастағандай қарайды. Көлдің өкі жағасында айнала өрнектеліп, қоныстанғандарға ық болған Аққыстау мен Шілік қонының ағаштары 2000 жылдардың басында су тасқынынан зардап шегіп, селдіреп қалып еді. 2017 жылы орын алған табиғи апаттан кейін қос орман түбегейлі жойылып кеткен екен. Алайда ауылдың ажарын келтіріп тұрған Ұлтуған, Қаратал, Дайырқыстау, Шақет, Қайрақбай, Қусақ, Қарақыстау, Қарауыл, Бөлекбек, Сәтім, Елтіруыл, Ала ат өлген, Ақмыра, Тоқмыра, Қоңыр, Досан, Смайыл, Атаки, Мизамбай, Бие байлаған, Қуандық, Төлебай, Кедірбай, Сары жапырақ, Кемел, Хасен, Ордабай, Екі шок, Егесет, Темен ай ормандары ел тарихының тереңде жағжаның аңғартады.

«Шақет деп аталатын зиратымыз бар. Бұл бабамызға Алланың берген қасиетін біз айтып жеткізе алмаймыз. Бинаш, Қантай аталарымызбен замандас болған Шарабас Алшағырұлы көріпкел, бақсы, адамның ішін жарып, ауруын алып, ота жасап, сырқаттың неше түрлісін емдеген, есі ауысқан, зағип жандарға шипа берген қасиетті адам болыпты. Омбының генерал-губернаторы оның бұл қасиетіне тәнті болып, қатты сыйлаған екен», – деп ауыл тарихын баяндаған Нұрлан Шақетке қатысты тағы бір мәліметімен бөлісті.

«Ағыбай Базарбаев қарттың айтуынша, ауылдың атауы төрт мәрте өзгертілген. 1930 жылдары Карл Маркс көңешары болса, 1956 жылдары Қантай мен Бинаш ауылдарын қосып, Бірлік ұжымшары болып шаруашылығын деңгелетті. Тәуелсіздік жылдарының басында бұрынғы атауына оралып, Бенаш атанды. Артынан Бинаш болып түзілетін», – дейді ол.

Ел іргесіндегі Аққудық деп аталатын құдықтың өзі біраз жайттан сыр ұқтырады. Кеңшардың тұсында қарғын жайылғанда Бинаштың құдығы опырылып құлап, суы ішуге жарамсыз болып қалыпты. Сол кездегі басқарма басшысы Қапар Смайылов есімді азамат 200 метрдей жерден құдық қаздырған. Бүгінгі жастар оны Аққудық деп атаса, аға буын өкілдері «Қапар қаздырған құдық» дейді. Кейбіреулері «Бинаш құдығы» деп атауды әдетке айналдырған. «2000 жылдары ел болып дұрыстап, қиып салған ағашымыз шіріп, көмбе балшықты ұстай алмай, 2017 жылы суымызды лайлай бастағанда Алтынбек Сапаров бауырымыз күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, бізді тіршілік көзінен айырманды», – дейді Нұрлан Еламанов.

ТҮТІНІ ТҮЗУ ҮШҚАН

Кезінде 80 үй болған Бинашта бүгінгі таңда 46 шаңырақ түтін түтетіп отыр. ХХ ғасырдың отызыншы жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ата-бабаларын ұлықтауды ардақты міндетіне балаған ауыл тұрғындары өткенге тағзым етіп, жерлестерінің басын жиі қосып тұрады. Екінші дүниежүзілік соғысқа жетістен астам азаматы қатысқан ауылдың бүгінгі балалары өз аталарының батылдығын үлгі қылып айтып жүр.

«Бинашымсыз – асыл елім, бесігім, Жабылмайды қонақжай көп есігің. Дүниеге келдім сенің төңіңде,

Әлдіңмен естім міне осы күн. Ауылыма ұл болам деп лайықты. Көшіп келем мына жалған гайыпты. Бұл өмірде атың тасқа түспесе, Ел алдында мен боламын айтыпты», – деп жырлаған ауыл тұрғындары аға буын мен кейінгі толқын өкілдері арасын сабақтастырып, алтын көпір орнатуды жөн көреді.

МЕКТЕП – АУЫЛДЫҢ ЖҮРЕГІ

Ауылдың келешегі мектеп оқушыларына тікелей байланысты. Бала саны азайса, болашағы бұлыңғыр, көбейсе, ертеңіне сенім де оянататын уақыт өткен сайын ұғынып келеміз. 18 мұғалім қызмет ететін білім ошағында 22 шәкірт оқитынын естігенде ұнжырғамыз түсті. Балабақша-сынада 10 бұлдіршін тәрбиеленуде. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың ұйытқы болуымен 2023 жылы мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Мектеп директоры Әлия Жексембинаның сөзіне құлақ түрсек, оқу ордасының да өзіндік тарихы бар. Қуғын-сүргін жылдары ауыл адамдары бос қалған үйлерде білім алған. Ұлы Отан соғысына қатысқан Аманжол Қуандық елге аман-есен оралып, 1950 жылы ауыл адамдарының көмегімен мектеп ашуды қолға алады. Ол бір ғимаратты жалға алып, бір жағын дүкен, екінші жағын 2 бөлмелі мектеп қылады. Мектеп балаларды білім нәрімен суындатып қана қоймай, ауыл жиналыстарын, концерттерін өткізетін орынға айналған.

– 1972 жылы 4 сыныптық бастауыш мектеп ашылды. Мектептің алғашқы директоры Тойлыбай Шеріпов 27 жыл қызмет атқарды. Қазыбек Төлебаев, Файзалла Найманбаев, бастауыш сынып мұғалімі Сара Рахимбаева мектеп қабарғысында 30-40 жылдай еңбек етіп, қардагер ұстаздар қатарынан орын алды, – дейді Әлия Жексембина.

АУЫЗБІРШІЛІК ТҮ ЕТКЕН

«Оңтүстіктен – Солтүстікке» бағдарламасы аясында 2019 жылдан бастап 4 отбасы ауылға қоныстанып, мектепке қызметке орналасты. Солардың бірі – Жамбыл облысынан келген Жанерке Нұрсейтова. География пәнінің мұғалімі ауыл тұрғындарын жатсынбай, аз уақыт ішінде сіңісіп кеткен. Жұбайы Қуаныш Жақыпов – білім ошағында сантехник. 5 балалы отбасыға Бинаш ауылының бүгінгі тыныс-тіршілігі ұнайды. «Ауызбіршілікті тү еткен елді мекеннің тұрғыны болғаным қуанамын. Көршілерімен жақсы араласамын. Өзіміз тұрып жатқан жердің мәртебесін биіктеткіміз келеді. Бинаштың орналасқан жері де адам баласының денсаулығына қолайлы», – деді Жанерке Нұрсейтова.

Ноғайбай би ауылдық округінің өкімі Әлшіра Васильева Бинашта кітапхананың жұмыс істеп тұрғанын, балалар ойнайтын алаңның барын, көшелер жарықтандырылғанын айтып өтті. «Болашақта «Ноғайбай би» ЖШС өз қаражатынан бинаштықтарға арнап демалыс орталығын салуды жоспарлап отыр. Бинашқа келіп-кеткен меймандарға елдің орналасқан жері ұнап, өз есерлерімен бөлісіп жатады», – деді Әлшіра Васильева.

Ауылда мәдени ошақтың қазығы қадалғаны көңілге үміт ұялатады. Ауызсу, жол мәселелері шешілген Бинаш ауылының болашағы – жарқын, бағдары – айқын.

Самат ҚҮСКЕНОВ,
«Soltüstik Qazaqstan».

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

«ЖАС ҚАЛАМҒЕР»

Облыстық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында Жас журналистер байқауы өтті. Петропавл мен аудандардан келген 60 оқушы өздерінің бейнерепортаждар мен мектеп газеттерін таныстырды. Конкурстың ұйымдастырушылары «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ және «Облыстық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» КММ болып табылады.

Жыл сайын ұйымдастырылатын конкурстың мақсаты - жас солтүстікқазақстандықтардың бойында туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, балалардың өз елінің тарихына деген қызығушылығын дамыту және қолдау, интеллектуалды және шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, журналистика саласындағы жас дарындарды анықтау және қолдау. Байқауға жас мағжандықтар да қатысып, «Қарақоға орта мектебі» және «Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп» КММ оқушылары бақ сынасты.

Тәуелсіздік күніне арналған «Жас қаламгер» облыстық байқауында «Мектеп тынысы» атты мектеп газеті номинациясында Қазақстан Республикасы күніне материалдар дайындаған Талғат Мереке және Өтемурад Ринат жеңімпаз атанды. Ал бейнерепортаж бағыты бойынша Рамазанова Снежанна, Абай Әлия Әрғалиева Айзада 1-ші орынды иеленсе, Досқара Анаэль 2-ші орынды жеңіп алды.

Қарақоға орта мектебінің оқушылары да мектеп газеті мен бейнероликтер номинациясы бойынша өнер көрсетіп, Цветков Семён, Юркина Вероника, Лаута Софья, Кошкунова Анастасия жеңімпаз атанды.

Мағжандық жас таланттарды жоғары жетістіктерімен құттықтап, алар асулары мен бағындырар белестері биік болсын деп тілейміз.

Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.



ЕНДІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР «БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ОҚИ АЛАДЫ

Мәжілісте дарынды балаларды қолдауды көздейтін және мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтетін заң жобасы қабылданды.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің айтуынша жаңа заң аясында мемлекеттік тілді жасанды интеллекттің күшімен дамыту көзделген.

Сонымен қатар, беделді халықаралық пән олимпиадалары мен ғылыми сайыстарда жеңімпаз атанған жастарды «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерде оқыту қарастырылған.

«Болашақ» бағдарламасының аясын кеңейтіп, магистратура мен докторантураның қатарына бакалавриатты да қосып отырмыз. Бірақ бұл мүмкіндік тек беделді халықаралық олимпиадада немесе ғылыми сайыста жеңімпаз атанған талапкерлерге ғана беріледі. Ол балалар «Болашақ» арқылы бакалавр дәрежесінде білім алғаннан кейін кемінде 3 жыл бойы Қазақстанда жұмыс істеуге міндеттеледі, - деді Асхат Аймағамбетов.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» КӨЛІКТЕРІНЕ ЖАҢА «ФУНКЦИЯ» ЕНГІЗІЛЕДІ

Жедел жәрдем көліктерінде тәртіп бұзушылықты тіркейтін камералар пайда бола бастады.

Енді 103 автокөлікке арналған жаңа «функциялар» бүкіл Қазақстан бойынша енгізілетін болады.

Бұған дейін Ішкі істер және коммуникациялар министрлігі маршруттық автобустарда дәл осындай DVR орнатылғанын хабарлаған. Олар жасырын патрульдерді күшейтіп, автокөлік жүргізушілерінің көлік жүргізу мәдениетін арттыруға сеп болады.

ҚАЗАҚТЫҢ «БЕТАШАР» САЛТЫ ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ МҰРА ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

Қазақ халқының «Беташар» салты Парагвай астанасында адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының ЮНЕСКО-ның репрезентативті тізіміне енгізілді. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Facebook парақшасында мәлімдеді.

«Жаңа ғана Парагвай астанасы Асунсьонда ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің отырысында қазақтың ежелгі салттарының бірі Беташар Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативті тізіміне енгізілді», деп жазды Ерлан Қарин.

Бұған дейін ЮНЕСКО Қытайдың жаңа жылын материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізген еді.

ЕНДІ КАМЕРАЛАР ОРТАША ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТІРКЕЙДІ



Бұл заңға сай автоматты түрде тіркеу жүйелерімен анықталатын түзу сызықты учаскелерде «орташа жылдамдықтан» асып кеткені үшін жауапкершілік енгізіледі.

«Жолдардың әртүрлі учаскелерінде «орташа жылдамдық» әр түрлі болады, себебі формулаға сәйкес әр

Ішкі істер министрлігі бүгіннен бастап жол қауіпсіздігін арттыруға және жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталған заң күшіне енгенін хабарлады.

автокөлік автоматты түрде есептеледі. Бұл жаңалық талдауды ескере отырып енгізілді, себебі қала маңындағы трассалардағы әрбір үшінші адам жылдамдық режимінің асып кетуінің салдарынан көз жұмған», деді ІІМ әкімшілік полиция комитеті ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

Хабардың мәліметінше, елімізде орташа жылдамдықты есептеуге болатын 25 мың шақырым республикалық және халықаралық жол бар. Жаңа ереже әзірге соның 3 200 шақырымында қолданылады.

Ал «Орташа жылдамдық» жүріпөткен жолды жүріп өткен уақыт аралығына бөлу арқылы есептеледі. Осы ережені сақтамаған жүргізушілерге 5-40 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

«Енді сол камераларды орташа жылдамдық бойынша қолдануға мүмкіндік беріп отырмыз. Шығын жасамай, қолда бар инфрақұрылымды ары қарай пайдалану. Аралықты 20 минутта жүруіңіз керек мысалға. Егер сіз екі арканың ортасында 20 емес, 10 минутта жүріп өтсеңіз, сіз орташа жылдамдықты бұзып отырсыз», деді ҚР Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің басқарма басшысы Фабит Шымырбаев.

БҮЙЛ ЕЛІМІЗДЕ ХАЛЫҚ САНЫ 210 МЫҢ АДАМҒА КӨБЕЙДІ

Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстандағы халық саны туралы мәліметтерді жариялады.

Ұлттық бюро хабарлағандай, 1 қарашада Қазақстан халқының саны 20 243 981 адамды құрады. 1 қаңтармен салыстырғанда Қазақстандағы халық саны 210 139 адамға өсті.

Халық санының өсуі Қазақстан қалаларында да байқалды. Алматы 1 қарашадағы жағдай бойынша 2 280 296 адам тұратын (жыл басында 2 228

675) халық ең тығыз орналасқан қала болып қала береді. Одан кейін Астана – 1 511 807 (жыл басында 1 430 105 тұрғын) және Шымкент – 1 249 581 (1 222 066 тұрғын) түр.

Түркістан (1 қарашадағы жағдай бойынша 2 154 461 адам), Алматы (1 554 695 адам), Жамбыл (1 222 835 адам) және Қарағанды (1 134 132



адам) облыстарында миллионнан астам адам тұрады.

1 қарашадағы жағдай бойынша 12 727 404 қазақстандық қалаларда тұрады, 7 516 577 адам ауыл тұрғындары.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚАЗПОШТА СЕРВИСТЕРІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ



Қазпошта сервистері eGov Mobile қосымшасында қолжетімді
Сервисы Қазпошта достулығы в приложении eGov Mobile

Egov Mobile мобильді қосымшасында «Qazpost» онлайн сервистері қолжетімді болды. Осының арқасында қазақстандықтар шетелдік маркетплейстерден тауарларға тапсырыс бере алады және қажет болған жағдайда кедендік құжаттарды ресімдей алады. «Qazpost» сервисі Қазақстан азаматтарына Amazon, AliExpress және басқа да жетекші өлемдік платформаларда халықаралық сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның ішіне екі бағыт кіреді: Keuqen дропшипинг – АҚШ, Еуропа және Қытайдан жеткізу және Keden – кедендік декларация.

Egov Mobile үшін «Қазпошта» АҚ ұлттық операторымен ынтымақтастық халық үшін қызметтер спектрін кеңейтуді білдіреді. Бүгінгі таңда азаматтарға қосымшада онлайн режимінде пайдалануға болатын түрлі қызметтер бар.

«Keuqen – шетелдегі дүкендерден жеткізу» бөлімінде жеткізу құны мен мерзімі көрсетіледі. Сонымен қатар, осы бөлімде жеткізу қызметі, соның ішінде үлкен көлемді пакеттерді жеткізу, құнды есептеу калькуляторы сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар бар. Пайдаланушы күтілетін сәлемдемені бақылау үшін «Күтілетін сәлемдемені қосу» батырмасын басып, барлық қажетті өрістерді толтырып, «Жіберу» батырмасын басу арқылы қоса алады.

«Keden – кеден қызметтері» бөлімінде бажды есептеу және жиі қойылатын сұрақтармен танысу мүмкіндігі бар. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін іздеу жолағы қарастырылған, онда сәлемдеменің трек нөмірі немесе телефон нөмірі бойынша бұрын жіберілген өтінім бойынша толық ақпарат алуға болады.

Сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «Қазпошта» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

Булаев қаласында 45 пәтерлі тұрғын үйге өтінімдер қабылдау жүргізілуде. Бағасы 1 шаршы метр үшін 165 000 тг. Бұл үйде 1, 2 және 3 бөлмелі пәтерлер бар. Барлық сұрақтар бойынша Отбасы банкінің кеңесшісі Гүлнәр Елубайқызы Жетпісбаеваға 8-705-589-20-92 телефоны хабарласуға болады.

ҚАРЫЗ АЛУ АЗАЯР ЕМЕС

Ұлттық банктің соңғы мәліметіне қарағанда, банктер халықтың жеке мақсатына 13,1 трлн теңге шамасында несие берген. Жыл басында – 10,3 трлн теңге болса, өткен айға дейінгі өсім 27,2% деңгейінде.

саны ұлғайып кеткен. Мәселен, екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) арқылы осы жылдың үшінші тоқсанында мақұлданған несиелер арасында, ірі кәсіпкерлік субъектілер – 51%, ипотека бойынша – 44,5%, орта кәсіпкерлік субъектілер – 41,5%, шағын кәсіпкерлік субъектілер – 35,3%, кепілге салынған тұтынушылық – 30,6% , кепілсіз тұтыну – 28,7% және автосиелуеу – 17,2%-ды құраған.

Осылайша, кепілсіз тұтыну несиелерін мақұлдау деңгейі қарыздардың басқа түрлерімен салыстырғанда ең төменгі шегінде тұр.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) үй шаруашылығының қарыздары мен несиелері ІЖӨ-ге қатынасы секілді көрсеткіші өзге елдермен салыстырғанда 13,6% -ды құраған. Мәселен, көрші Ресейде көрсеткіші 21%-дан жоғары. Ал Қытайда қарыз жүктемесінің деңгейі тіпті 64,5%. Мамандардың айтуынша, еліміздегі қарыз жүктемесі соншалықты көп емес. Өзге мемлекеттерге қарағанда, бірнеше

есе төмен.

Мемлекеттік кредит бюросының (МКБ) соңғы айдағы мәліметіне сүйенсек, МҚҰ, коллекторлық және басқа компанияларда 8,6 млн-нан астам қарыз алушы тіркелген.

Қаржыгер Айдархан Құсайынның айтуынша, біздегі тауарларды бөліп төлеуге алынған несиелер халық үшін ыңғайлы. Бірақ статистикада бұл несие ретінде ескеріледі.

«Халық депозиттерінің және халыққа кәсіпкерлік емес несиелердің динамикасын қарадым. Адамдардың «таза жинақтары» тұтастай алғанда тұрақты. Халықтың несиеленудің негізгі өсімі көбіне «кедейленуден және қорқынышты қарыз алудан» емес, әдеттегідей өмір сүретін адамдардың төрелік есебінен болады. Түрлі жеңілдікті ипотекалар мен тіпті сыйлықақылы автомобильдерге пайызысыз бөліп төлеулер болса, қандай да бір люкс телефондар, теледидарлар, т.б. туралы айтпағанда, депозиттен ақша алу үшін қажетті жоқ», дейді А.Құсайынов.

Ал қаржыгер Әнуар Бақытхановтың айтуынша, көптеген қарыз алушының өз қарызын өтейтін табысы жоқ болса, бұл қаржылық тұрақтылық үшін елеулі тәуекел болуы мүмкін. Сонымен қатар саралшы жағдайды тұрақтандыру үшін халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалауды жақсарту керектігін атап өтті.

«Қайтаруға шамасы жетпесе де несие алу үйреншікті құбылысқа айналды. Сонымен қатар біраз азамат өздерінің базалық қажеттіліктерін қанағаттандыру және қаржылық тұрақтылық жағдайында күнделікті тиімділік үшін кредиттерге жүгінуге мәжбүр екенін көрсетеді. Ең алдымен, қаржылық мүмкіндіктеріңізді тиянақты бағалау, «көтере алмайтын шоқпарды белге байлаудан» аулақ болу керек. Екіншіден, қаржылық сауаттылықты арттыруға ұмтылу қажет. Бюджетті мұқият жоспарлау, кірістерді ұлғайту және қажетсіз шығыстарды қысқарту жолдарын іздестіру шарт. Үшіншіден, борыштық міндеттемелерді өтеу проблемалары туындаған жағдайда оларды қайта құрылымдау үшін қаржы мамандарынан немесе банктерден кеңес алу керек. Сондай-ақ қаржылық жағдайды айтарлықтай қиындататын алаяқтық схемаларынан сақтану керек», дейді Ә.Бақытханов.



Өңірлер арасында 4,06 трлн теңге (+ 23,03%) несиесі бар Алматы тұрғындары ең көп қарыз алғандар қатарында. Одан кейінгі орындағы Астана тұрғындарының несиесі 1,37 трлн теңгені (+ 30,5%), Шымкент халқы несиесі 1,04 трлн теңгені (+ 25,4%) құраған.

Сондай-ақ тұтынушылық несиелер Қарағанды облысында – 754,5 млрд теңге (+ 23,1%), Ақтөбе облысында – 554,3 млрд теңге (+ 28,9%), Маңғыстау облысында – 522 млрд теңге (+ 26,2%) салыстырмалы түрде ресімделген. Ал ең аз несиені Солтүстік Қазақстан (173,6 млрд теңге) және Ұлытау облыстары (124,8 млрд теңге) алған.

Елімізде жыл сайын халыққа қарыз беру шаршы қатандатылып, ал мақұлдау талабы күшейгенмен, кепілсіз тұтыну несиелер



Дүйсенбі, 23 желтоқсан	Сейсенбі, 24 желтоқсан	Сәрсенбі, 25 желтоқсан	Бейсенбі, 26 желтоқсан	Жұма, 27 желтоқсан	Сенбі, 28 желтоқсан	Жексенбі, 29 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 03.40 ШЖУ-МАРЖАН. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ». СҮЛУ». 13.20, 04.40 АТАМЕКЕН. 14.10 АҚОРДА. 14.25, 01.35 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.35 САНА. 04.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». СҮЛУ». 13.20, 04.10 АТАМЕКЕН. 14.10 «БРЕГЕЙ», Д/Ф. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.30, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 02.05 САНА. 04.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». СҮЛУ». 13.20, 03.50 ҮНСІЗ ӘЛЕМ. 14.10 ҚАЗАҚ ЖЫЛКЫСЫ. 14.40, 04.20 АТАМЕКЕН. 15.05, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.25 «ТАТУ-ТӨТТІ». СҮЛУ». 13.20 ТІРІШІК. 14.10, 03.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40, 04.00 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.05, 03.55 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 04.25 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.35 АУЫЛДА-СТАР. 06.30, 17.00, 00.55 АҚПАРАТ. 07.00, 02.45 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 07.50, 23.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 01.55 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 12.00 М/Ф «РАТАТУЙ». 13.40 КОНЦЕРТ. 15.10 «ТАКИЯНЫ ПЕРИШТЕ», Х/Ф. 17.20, 01.15 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.35 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00, 00.20 АПТА. 20.50, 01.10 АҚОРДА. 21.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 21.25 «АТАМЕКЕН». 04.05 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 01.55 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ». 08.20 М/Ф «РАТАТУЙ». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 «ХАНШАЙЫМ МЕН ҚҰРБАҚА». 13.30 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 15.30, 22.30 «MҮ LOVE АЙСҮЛУ», Х/Ф. 17.30, 01.25 «ЖАҢАШЫЛ ЭКОНОМИКА». 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00, 00.20 АПТА. 20.50, 01.10 АҚОРДА. 21.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 21.25 «АТАМЕКЕН». 04.05 «АУЫЛДАСТАР».	

Дүйсенбі, 23 желтоқсан	Сейсенбі, 24 желтоқсан	Сәрсенбі, 25 желтоқсан	Бейсенбі, 26 желтоқсан	Жұма, 27 желтоқсан	Сенбі, 28 желтоқсан	Жексенбі, 29 желтоқсан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 10.00, 22.00 «СТРАННАЯ ЖИЗНЬ ТИМОТИ ГРИНА» Х/Ф. 12.00 «МУСТАФА ШОҚАЙ» Х/Ф. 15.00, 20.15 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 ҚОЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ӨЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.35 НЕОСЕТЬ. 10.00 М/Ф. 11.25 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00, 21.45 «КОДЕКС ВОРА» Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫК ТІМЕС. 15.30 «СЕМЬЯНИН» Х/Ф. 17.15 ТАМАША. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КУН. 23.45 ОЙНАҚ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 ЖЕРҮЙІК. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «ТВОРЦЫ СНОВ». 12.00, 23.15 «ОГРABЛЕНИЕ: КОД 211» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 «ПРИТВОРИСЬ ВТОРОЙ ЖЕНОЙ» Х/Ф. 17.45 ОЙНАҚ. 18.45 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КУН. 21.45 ҚЫЗЫК ТІМЕС. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 23 желтоқсан	Сейсенбі, 24 желтоқсан	Сәрсенбі, 25 желтоқсан	Бейсенбі, 26 желтоқсан	Жұма, 27 желтоқсан	Сенбі, 28 желтоқсан	Жексенбі, 29 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 12.55 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.25 Т/Х «ЛАБИРИНТ». 03.40 П@UTINA.	06.00 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 12.55 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.25 Т/Х «ЛАБИРИНТ». 03.40 П@UTINA.	06.00 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 12.55 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.25 Т/Х «ЛАБИРИНТ». 03.40 П@UTINA.	06.00 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 12.55 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.25 Т/Х «ЛАБИРИНТ». 03.40 П@UTINA.	06.00 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 Т/С «ЗАБЫТЫЙ АНГЕЛЬ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ЛИХАЧ». 02.35, 03.50 П@UTINA.	06.00, 02.15 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 09.00 ПОЕХАЛИ! 09.40 «ПИСЬМО НАДЕЖДЫ» Х/Ф. 13.25 «АВАНТЮРА НА ДВОИХ» Х/Ф. 17.15 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 Т/С «КОМБИНАЦИЯ» Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.55 П@UTINA.	06.00, 02.20 Т/Х «СНИНЯЯ КНИГА». 07.55, 04.00 П@UTINA. 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 Д/Ф. 09.25 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.15 «БЫЛО У ОТЦА ДВА СЫНА» Х/Ф. 14.15 «АВАНТЮРА НА ДВОИХ» Х/Ф. 18.00 «МОЙ ПАПА НЕ ПОДАРОК» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «КОМБИНАЦИЯ» Х/Ф. 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.50 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА».

- Сөздің ең ұлысы – тарих.
- Көркем сөз – көңіл тілі, жапаң сөз – зейін тілі.
Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.



ҚАМҚОРЛЫҚ

ЖОМАРТ АДАМДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС

ЖАНАШЫР ЖАН



Еңбек адамдары, мамандар, озат жұмысшылар туралы көп айтып та, жазып жүріміз. Мұндай адамдарға құрмет көрсету, өрне, қажет. Бірақ мен бүгін қамқорлық пен мейірімділіктің адамдық деген тамаша қасиеті туралы айтып келеді. Мен Бейтерек ауылының тұрғынымын, зейнеткер, тұл еңбеккерімін — Фаина Викторовна Ульяновна көрсетілген көмек пен қамқорлық үшін шексіз алғысымды білдіргім келеді. Алғыс сөзімді әлеуметтік қызметкер Шолпанай Қадірбайқызы Орынбаеваға жолдаймын.

2008 жылы тағдырдың жазуымен Шолпанай Қадірбайқызы Өзбекстаннан біздің ауылға көшіп келді. Қанша қиыншылық болса да, жерімздің өміріне тез бейімделді. Мінезі бойынша ол сабырлы, қарапайым, тәрбиелі, жанашыр, өзіміз емес және өте мейірімді. Әрқашан көмектесуге дайын, өте мұқият және жауапты. Ол әрқашан жылы сөздер мен еңгімелесуге уақыт табады, мұндай сөйліп, жалғыздығымызды жарқыратады. Мен оның қолында жалғыз өміс етіп, бірақ соған қарамастан, Шолпанай кез келген уақытта көмектесуге дайын. Осындай мамандарды таңдауға көмектескен біздің ауылдық әкімдікке мың алғысымын. Баршаңызға денсаулық, табыс, тұрақтылық, ең бастысы көпұлтты мемлекетімізде бейбітшілік тілеймін.

Фаина УЛЬЯНОВА,
Бейтерек ауылының тұрғыны.

Айтқанымызға әр сәтін қорғасын, көмекке тұрғын жандардың аз емес екенін білдіріміз. Алайда қарапайым тұрғыстың қаттымен жүрген қобалы қасымыздағы адамдардың басына түскен лилелерге мән бере бермейміз. Жәрдем сұрағанын бәрін риза етіп, шұғылметпен де қолымызды көмекке атып, Десе де ел бейтарап жұмылып, қиын жағдайда қалғандарға көмек қылып емес, алыбайтын ату жеті, Осы жерімізді аяқтайтын етіп, елден жылы жанап жүрген қиырғандықтар қарында көп. Біздің өңірде де қызыл ашық ағылшынның арқасында жеті-жетілік жәрдемдесті жүрген шұғылметтер бер. Олардың бірі - «Жақынға көмек» ерістілер қозғалысы.

Олар көптен бері аудандағы елді мекендерде тұратын қолбалалы және аз қамтылған отбасыларға, жалпы көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созады. Мәселен, жуырда Жаңа жылдық тәттілер таратуы ұйымдастырып, адамдардың алғысына бөленді.

Осыған орай, бүгін демеушілік көмек көрсеткені үшін барша жандарға үлкен алғыс білдіреміз, атап айтқанда, С.А. Өміртаеваға, «Өміртаева» ЖК, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ басшысы Р.Қ. Сәдуақасова, М.Д. Ыбыраева, А.М. Мырзағалиева, Т.С. Шайкенова, И.П. Неугасимова, И.В. Кнаубка, Т.С. Мищенкоға, Н.В. Николаеваға,



С.С. Әбілкасымоваға, С.К. Баймұратоваға, М.В. Галайдиноваға, А.Д. Әділоваға, Б.Т. Зайнулинаға, А.С. Патонкинаға «Патонки» ЖК, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігі аппараты» КММ қызметкерлері Г.Ж. Сағдееваға, Г.Ө. Уақышевқа, Ү.Ш. Ахметоваға, М.А. Әбішеваға, А.Д. Сүйіндіковаға, «Қазпошта» АҚ бастығы Ж.С. Самаратоваға, БЖСМ директоры Е.К. Исмағұлова, «Қазактелком» АҚ қызметкерлері Р.П. Балдука, Б.Т. Қайратқа, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мемлекеттік қызметкері Т.А. Лакизова мың алғыс айтамыз.

Жақсы іске жанапшыр ізгі ниетті, ақ тілеулі ел азаматтары қоғамнан қанағаттандырады. Жақсылық жасау үшін ниетіңіз болса болғаны. Қарапайым жан да қайырмыды іс қыла алады. Жоғарыда аталған жандар солардың бірі. - Елге, туған жерге осылай еңбек етуі әрбір азаматтың борышы, әсіресе, қайырмдылыққа шамасы жететін жандардың осындай игі істерге мұрындық болып жүргеніне қуанамыз. Мақсатқа жету жолында қаншама еңбекті сарп етсек, туған өлкеміз алға дамыту жолында осындай қажыр-қайрат керек. Біздің еңсемізді тіктейтін елдің алғысы, осы жолда әрі қарай жұмыс жасай беретенімізге көміл сенеміз, дейді «Жақынға көмек» еріктілер қозғалысының мүшелері.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

ПИРОТЕХНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



Жақын арада бәріне сүйікті мереке — Жаңа жыл болады. Бұл әсерлі мерекенің тамаша жаңа жылдық дәстүрлерінің бірі - сиқырлы атмосфера жасайтын фейерверк ұшыру, петарда және басқа да пиротехниканың жарылуы. Салют ұшыру әкелетін позитивті сезімдер мен таңдану әсерінен басқа да, мұндай алданыстың басқа да жағы бар - адамдар денсаулығы үшін қауіпсіздік. Біздің мемлекетіміздің тұрғындары көпшілігінің өте жақсы көңіл-күйі қауіпсіздік техникасымен үйлескенде қайғылы зардаптарға әкеледі. Осыған орай, Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды ескертіп, төмендегі іс-әрекеттер жасауға тыйым салынатынын жеткізеді:

- жабық бөлмелерде, пәтерлерде пиротехникалық бұйымдарды қолдану, балкон мен лоджийлерден фейерверк ұшыру;
- жарамдылық мерзімі өтіп кеткен немесе көзге көрінетін белгілері бар бұйымдарды қолдану (қаптаманы бұзылу);
- қолдану нұсқаулығында көрсетілмеген кез келген әрекеттерді жасау, сонымен қатар пиротехникалық бұйымдарды тексеру мен өзгерту;
- суланған пиротехникалық бұйымдарды жылу құрылғыларында және ашық от манайында кептіруге;

- бұйымдарды қолдан ұшыруға, және олардың жұмысы аяқталғаннан кейін 10 минуттан ерте бұйымдарға жақындауға;
- жандыру кезінде фитильді адам беті жанында ұстауға (фитильді созылған қол қашықтығында жандыру қажет);
- пиротехниканы қатты жел кезінде қолдануға;
- фейерверктерді адамдарға, жануарларға бағыттауға, петардаларды аяқ астына лақтыруға;
- жанып тұрған фейерверк үстіне еңкіюге;
- жанып тұрған салюттар мен фейерверктерден 15 метр қашықтықтан жақын орналасуға;
- істемей қалған пиротехникалық бұйымдардың фитильдерін тексеруге тырысу;
- істемей қалған пиротехникалық бұйымдарды жағып жіберуге (оларды 2 тәулік мерзімге суға орналастыру қажет, кейін әдеттегі тұрмыстық қоқыс-соқындармен қайта өңдеу);
- Көбі фейерверктер мен мереке үшін басқа да бұйымдарды ерте бастан, тым болмаса Жаңа жылға бір жұма қалғанда сатып алады, яғни оларды үйде сақтады.
- Сондықтан осы ережелерді қатаң сақтау өте маңызды:
- бұйымдарды балаларға қол жетімсіз өзіндік қаптауда, жылы және құрғақ бөлмеде сақтау;
- пиротехникалық бұйымдарды белшектенуіне жол бермеу;
- оларды температурасы 30 градустан асатын немесе жылу құрылғылары жанындағы тым ылғал немесе тым құрғақ бөлмелерде сақтауға болмайды;
- егер сіздің пиротехниканыз тым дымқылданса - еш жағдайда оны жылыту құрылғыларында немесе фен көмегімен кептіруге болмайды.
- Пиротехника қолдануда қауіпсіздік туралы ұмытпай, мерекелеріңізді қызықты өткізуді тілейміз!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚАМҚОРЛЫҚТАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕНДІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді 18 жастан асқан, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың қорғаншылары өздерінің қамқорлығындағы тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша eGov.kz порталы арқылы тіркей алады. Бұған дейін бұл қызмет тек халыққа қызмет көрсету орталықтарының бөлімшелерінде офлайн режимде көрсетілетін.



- Мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету - eGov.kz порталының басты міндеттерінің бірі. Енді жаңартылған қызметтің арқасында тіркелімге өтінімді үйден шықпай-ақ, бірнеше қадам арқылы оңай беруге болады. Бұл уақытты үнемдеп, қызметті алуды әлдеқайда ыңғайлы етеді.
- Көрсетілетін қызметті пайдалану үшін:
- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтық, миграция және иммиграция» бөлімін таңдау керек;
- «Халықты тіркеу және тіркеу есебінен алып тастау» бөлімінде «Тұрғылықты жері бойынша тіркеу» бөлімін таңдау қажет;
- қажетті деректерді толтырып, өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қою қажет. Қызметтің

нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде, «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Өтінімді өңдеудің жай-күйі туралы хабарлама мемлекеттік орган белгілеген уақыт ішінде түседі. Көрсетілетін қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ ОҚЫТУҒА ШАҚЫРАДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы 2025 жылы электр, бухгалтер, аспазшы, бағдарламашы, тракторшы, электрғазбен дәнекерлеуші мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқуға қабылдауды жүргізеді. Оқу мерзімі - 3 ай. Оқыту Петропавл қаласындағы оқу орнында өтеді, шәкіртақы, жол жүру және тұру ақысы да төленеді. Аяқтағаннан кейін қысқа мерзімді оқудан өткені және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасқаны туралы сертификат беріледі. Сондай-ақ, жұмыс берушіде жұмыс

орнында тігінші мамандығы бойынша қысқа мерзімді оқудан өтуге қабылдау жүргізіледі, оқу мерзімі - 3 ай, оқу бітіргеннен кейін бүкіл оқу барысында жалақы төлеу сертификат және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу беріледі. Біздің мекен-жайымыз: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А. Жұмыс телефоны: 2-81-54, 2-81-94. Ұялы телефон: 8-775-007-88-51.

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы.

Директор - бас редактор Несия ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баев көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Maglan Zhuldizy» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петровав к., Кошукв к-сі, 5 үй). Таралымы - 555	Газет аудан «өкімі», аудандық мемлекеттік тиысарысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуіне ресми басылым болып табылады
---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есенке алынып, №17395-Г күәлігін алған. Жарнамаңың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәншігіне айналады, ренсезияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады